

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар үшін жүргізілген мемлекеттік сатып алу бойынша есептеме жасау мен тапсырудың тәртібі және есептің нысандары

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 110 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 502. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 421 бұйрығымен.

-----*Бұйрықтан үзінді*-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойыды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

2. "Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар үшін жүргізілген мемлекеттік сатып алу бойынша есептеме жасау мен тапсырудың тәртібі және есептің нысандары" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 110 бұйрығы (N 502 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген)...

Төраға

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар үшін жүргізілген мемлекеттік сатып алу жөніндегі есептеменің тәртібі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-1 ҚРЗ заңына сәйкес және "Қазақстан Республикасының "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы заңын іске асыру туралы" қаулысының 34-тармағы негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу процесін бақылауды және үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және бюджеттік ұйымдардың жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есептемелерін тапсырудың тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1783 қаулысына сәйкес мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және бақылау жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті болып табылады.

3. Жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті Қазақстан Республикасының және жергілікті бюджеттерінен қаржыландырылатын органдар тапсырады.

3.1. Лимиттердің бас басқарушысы қарамағындағы ұйымдар жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы жоғары тұрған ұйымға есеп береді.

3.2. Республикалық бюджеттен тікелей қаржыландырылатын министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар белгіленген нысан бойынша шығыстар сметаларының орындалуы туралы тоқсандық есептермен бірге тоқсан сайын мемлекеттік сатып алулар туралы есеп тапсырады.

3.3. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар облыстық (қалалық) қаржы басқармасына жиынтық есеп тапсыратын жергілікті қаржы органдарына белгіленген нысан бойынша тоқсан сайын мемлекеттік сатып алулар есептер тапсырады. Облыстық (қалалық) қаржы басқармалары облыс бойынша жиынтық есепті құрайды және оны белгіленген мерзімде бюджеттің орындалуы туралы тоқсандық есеппен бірге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментіне тапсырады.

3.4. Есепке есепті тапсырған ұйымның басшысы мен бас бухгалтері қол қояды.

4. Жүргізілген тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі есептің нысаны екі бөлімнен тұрады.

- конкурстық негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу;

- конкурстық емес негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу.

Есептеменің нысандарын толтырған кезде Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңын және осы заңның орындалуы үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын басшылыққа алу қажет.

5. Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңының 8 бабына сәйкес орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қарамағындағы мекемелері, егер тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің әлдеқандай біртекті түрлерін мемлекеттік сатып алудың көлемі тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына арналған Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген есеп айырысу көрсеткішінің 1000 (мың еселік) өлшемінен аспаған жағдайда ғана тапсырыс беруші ретінде көрінуге құқылы. Бұл орайда жоқ дегенде олардың біреуі есеп айырысу көрсеткішінің 1000 (мың еселік) өлшемінен аспауы үшін олардың көлемдерін бөліктерге бөлшектеуге тыйым салынады. Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді аталған сомадан артық алу жөнінде тапсырысшы ретінде бюджеттік ұйымдардың жоғары тұрған басқару

о р г а н ы ә р е к е т е т е д і .

6. Бюджеттік ұйымдар есепті, өткізілген әрбір конкурстың қорытындыларын көрсете отырып, экономикалық және функционалдық сыныптамаға сәйкес қ ұ р а д ы .

7. Министрліктердің, ведомстволардың және ұйымдардың Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментке тапсырылатын жиынтық есептерінде, "Конкурстық негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алулар" 1-бөлімде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді берушілердің ішінде конкурста жеңіп шыққан тапсырысшылардың жүргізген барлық мемлекеттік сатып алулары бойынша деректер е н г і з і л е д і .

8. 2-бағанада тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың тізбесі және олардың өткізілетін кезеңдері к ө р с е т і л е д і .

3-бағанада тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге ақы төлеуді жүзеге асыратын шығыстарды бюджеттік сыныптау ерекшелігінің коды к ө р с е т і л е д і .

4-бағанада тапсырысшы сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің атаулары, не тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлерінің ірілендірілген топтарының атаулары к ө р с е т і л е д і .

Бұл орайда тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына арналған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, сатып алғанда құны тұрғысынан есеп айырысу көрсеткішінің 1000 (мың еселік) өлшемінен асып түсетін тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің атаулары көрсетіледі. Егер тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлерінің құндық тұрғыдағы жалпы сомасы тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына арналған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, есеп айырысу көрсеткішінің 1000 (мың еселік) өлшемінен аспаса, бұл тауарлар жеке көрсетілмейді, бірақ "өзгелері" деген жолда ескеріледі.

5-бағанада тапсырысшы көрсетіледі.

6-бағанада конкурстың жеңімпаздары көрсетіледі.

7-бағанада көмір, мұнай өнімдері, астық, отын, жарық және басқалар сияқты ортақ табиғи өлшем бірлігі бар біртекті тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша өлшем бірліктері көрсетіледі. Өлшемнің жалпы бірлігін қолданудың мүмкіндігі жоқ тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер топтары бойынша өлшем бірлігі көрсетілмейді.

8 және 9-бағаналарда шарт бойынша берілуге тиісті және іс жүзінде берілген тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша табиғи өлшемдердегі көлем көрсетіледі, ал өлшемнің ортақ табиғи бірлігін қолданудың мүмкіндігі

жоқ тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша - көлем көрсетілмейді

10-бағанада аталған конкурстық қорытындылары бойынша қалыптасқан өлшемнің ортақ бірлігі тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша өлшем бірлігінің бағасы көрсетіледі. Өлшемнің ортақ бірлігі болмаған жағдайда
б а ғ а к ө р с е т і л м е й д і .

11-бағанада тапсырысшы мен берерменнің арасындағы шартқа сәйкес сатып алудың ортақ құны көрсетіледі.

12-бағанада тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің жасалған шарттар бойынша тапсырысшының іс жүзінде төлеген құны, аванстық төлемдері
қ о с а к ө р с е т і л е д і .

13, 14-бағаналарда тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған конкурстардың қорытындысы бойынша жасалған шартты міндеттемелер бойынша тапсырысшының берерменнің алдындағы қарызы
к ө р с е т і л е д і .

Мұндай міндеттемелер мынадай белгілер бойынша топталады:

Дайындалған, бірақ алдын ала ақы төлеу талабы себебінен берерменнің қоймасынан әлі шығарылмаған өнім үшін тапсырысшының берермендер алдындағы шартты міндеттемелері 13-бағанада көрсетіледі.

Іс жүзінде берілген, бірақ әлі ақысы төленбеген өнім, орындалған жұмыс және қызмет үшін тапсырысшының берермендерге қарызы 14-бағанада көрсетіледі. Бұл көрсеткіштер материалдық құндылықтар мен несиелік қарыздарды есептеу жөніндегі бухгалтерлік есептің баланстық шоттарымен
б а й л а н ы с т ы р ы л у ы к е р е к .

9. "Конкурстық негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алулар" II бөлімге конкурстық негізде емес жүргізілген барлық мемлекеттік сатып алулар бойынша, яғни Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңының 8-бабына сәйкес бір көзден алынған сатып алулар бойынша деректер енгізіледі.

2-бағана толтырылмайды, 6-бағанада берермен көрсетіледі. Бұл бөлімнің қалған көрсеткіштері I бөлім сияқты толтырылады.

10. Облыстық (қалалық) қаржы басқармаларының жиынтық есептерінде әрбір ерекшелік бойынша қорытынды сомалар ғана көрсетіледі, ал берермендер мен тапсырысшылардың атаулары, егер тапсырысшының біреуі Қазақстан Республикасының тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына арналған заңдарында белгіленген құндық тұрғыдағы есеп айырысу көрсеткішінің 10000-дық (он мың еселік) мөлшерінен асып түсетін сомаға тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлерін сатып алған жағдайда көрсетіледі.

Конкурстық емес негізде жүргізілген сатып алулар бойынша есеп есептік көрсеткіштерді толтырудың жоғарыда айтылған тәртібін сақтай отырып

қ ұ р ы л а д ы .

Егер құндық тұрғыда бір тауарды, жұмысты және қызмет көрсетуді немесе біртекті тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің топтарын сатып алудың сомасы Қазақстан Республикасының тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына арналған заңдарында белгіленген құндық тұрғыдағы есеп айырысу көрсеткішінің 10000-дық (он мың еселік) мөлшерінен асып түссе, онда аталған тауар, жұмыс және қызмет көрсету немесе біртекті тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің топтары бойынша - барлық тапсырысшылар, егер аталған мөлшерден аспаса - бұл тауарлар "өзгелері" деген жолда көрсетіледі.

ГЗ-1-нысан

1998 жылдың 01 _____ жүргізілген тауарларды,
жұмыстарды және қызмет көрсетіледі сатып алу жөніндегі

Е с е п

К о д т а р ы

м е к е м е _____	-----	-----
Бағдарлама _____	-----	-----
Шағын бағдарлама _____	-----	-----

N	Конкурстың шығыстар	тауарлардың, тапсырысшы	конкурс
	атауы және ерекшелігінің	жұмыстар мен	жеңімпазы
	өткізілетін коды	қызмет	-өнім
	күні	көрсетулердің	беруші
		а т а у ы	

5	6	-----	I. Конкурстық
негізде өткізілген мемлекеттік сатып алу		-----	

II. Конкурстық емес			негізде өткізілген

мемлекеттік сатып алу -----| |

----- тауарлардың, қызмет
 | бірлік | сатып | тапсырысшының
 көрсетулердің көлемі | бағамы | алу | нақты төлеген
 | (теңге)| құны|сомасы(мың
 | | (мың | теңге)
 | | теңге)

-----| |
 өлшем | шарт | нақты өнім | | |
 бірлігі | бойынша | беруші | | |

 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 -----

 борыштық міндеттемелер |
 |
 |
 |

<p style="text-align: center;">өнім беруші дайындаған, бірақ алмаған тауарлар бойынша</p>	<p style="text-align: center;">алынған, бірақ ақысы төленбеген тауарлар, жұмыстар бойынша</p>
---	---

<p style="text-align: center;">1 3</p>	<p style="text-align: center;">1 4</p>
--	--

--	--

Басшы _____
Бас бухгалтер _____
орындаушы :